

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»  
КЕАҚ Ғылыми кеңес отырысында  
11.06.2024 ж. №11 хаттамамен  
БЕКІТІЛДІ**

**D058 – «Әдебиет» білім беру бағдарламалары тобына  
докторантурасы түсушілерге арналған  
емтихан бағдарламасы**

**I. Жалпы ережелер**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантурасы түсү емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту үпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзактығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

**II. Түсу емтиханының өткізу тәртібі**

1. D058 «Әдебиет» білім беру бағдарламалары тобына докторантурасы түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандыруыш себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:**

**«Әдебиеттану мен фольклористиканың өзекті мәселелері»** пәні

**Тақырып 1. Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және инновациялық**

## **парадигмалары.**

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары. Теориялық әдебиеттандың дәстүрлі әлеуметтік-тариhi парадигмасы. Жазушы және заман. Қазіргі әдебиеттану ғылымының даму тенденциялары. Теориялық әдебиеттандың инновациялық, компативистік, интертекстуалдық, гендерлік, семиотикалық, нарратологиялық, дискурсивтік постмодернистік, онтологиялық, герменевтикалық, психопоэтикалық парадигмалары.

## **Тақырып 2. Әдебиет тарихы және мәдениет.**

Әдебиет және мәдениет. Тарихи-мәдени үдеріс және оның жазушы санасына әсерлігі. Көркем шығармашылыққа қойылатын негізгі талаптар және поэтика мәселелері. Әдеби шығармашылық және ғылым. Өнердің табиғаты. Шығармашылық психологиясындағы ирациональдық факторлар, оның шығармашылықтағы рөлі және оны бейнелеудің кілттері (код). Әдебиет және ұлттық дүниетаным.

## **Тақырып 3. Қазіргі ғылыми тұрғысынан проза, поэзия, драматургия.**

Поэзия және проза. Ажырату принциптері. Қазіргі проза. Модернизм және постмодернизм прозасының ерекшеліктері. Неомифология және неомифологиялық сана. Поэзиядағы ритм мәселесі. Қазіргі поэзияның жанрлық формалары. Қазіргі поэзиядағы дәстүр және жаңашылдық мәселесі. Драмалық шығарманың құрылымы.

## **Тақырып 4. Жанр жүйесі.**

Әдеби жанрдың ұғымы. Әдеби тек және әдеби жанр. Жанр және стиль. Әдеби жаңашылдықтың мәні. Жанрлық мазмұн және жанрлық форма Жанр типологиясы мәселесі. Көркем шығарманың жанрлық табиғаты. Қазіргі қазақ және орыс әдебиетіндегі жанр жүйесі.

## **Тақырып 5. Әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері.**

Салыстырмалы әдебиеттандың мақсаты мен міндеттері. Типологиялық әдеби байланыстар. Әдеби компаративистиканың ұғымдық және әдіснамалық аппараты.

## **Тақырып 6. Шығыс және Батыс әдебиеттер байланыстарының мәселесі.**

Батыс және шығыс романтизмнің типологиялық ерекшеліктер. XIX ғасырдағы қазақ ақындар поэзиясының ұлттық ерекшелігі. XX ғасырдың қазақ әдебиетіндегі романтизм. Модернизмнің типологиялық ерекшеліктері. Қазақ орыс және европалық әдебиетіндегі модернизм. XX ғасырдың қазақ және орыс әдебиетіндегі реализм. Қазақстанның әдеби байланыстары.

## **Тақырып 7. Интертекстуалдық: негізгі концепциялар.**

Мәтін филология ғылымының ұғымы ретінде. Мәтін семиотика және мәдениеттандың ғылымдарының ұғымы ретінде. Мәтін туралы постмодернистік концепциялар. Интертекст ұғымы. Интертекстің философиялық негіздері. Ю. Кристеваның теориясы. XX ғасырдың прозасындағы интертекст. Мәтін мәдени контекст, автор және оқырман арасындағы диалог ретінде. Цитата, аллюзия. Реминисценция.

## **Тақырып 8. Мифопоэтика және археопоэтика.**

Мифопоэтика және археопоэтика әдебиеттандың салалары ретінде. Архетип ұғымы. Көркем әдебиеттегі архетиптердің қызметтері. Миф және әдебиет. Қазіргі әдебиеттегі мифологиялық образдар мен сарындар. Көркем әдебиеттегі мифтердің қызметтері.

## **Тақырып 9. Семиотика және нарратология.**

Семиотика ғылым зерттеулер жүйесі ретінде. Семиотиканың негізгі ұғымдары. Семиотикадағы мәскеу-тарту және француз мектептері. Нарратологияның пәні мен міндеттері. Нарратив ұғымы. Нарративтің табиғаты, түрлері және қызметтері. Нарратив және дискурс.

## **Тақырып 10. Көркем шығарманың құрамындағы хронотоп категориясы.**

Көркем уақыт пен кеңістіктің ерекшеліктері. Көркем шығарманың құрамындағы уақыт пен кеңістік. Мекеншақ туралы М.М. Бахтиннің теориясы. Қазіргі әдебиеттандығы уақыт пен кеңістік категорияларының ұғымы. Әдебиеттегі темпоралдық ырғақ категориясы (А.Б. Темірболаттың теориясы). Көркем шығармадағы хронотоп категориясының қызметі.

### **Тақырып 11. Көркемдік антропология.**

Көркемдік антропология: сыртқы және ішкі адам. Әдебиеттегі мінездер типтері. Көркем шығармадағы кейіпкердің мінезін ашу тәсілдері. Тип және мінез. Кейіпкердің ішкі әлемі. Әдебиеттегі адам және мәдениет. В.В. Савельеваның теориясы.

### **Тақырып 12. Психопоэтика. Герменевтика. Рецептивтік эстетика.**

Психоаналитикалық әдебиеттану. Автор мәселесі. З. Фрейд теориясы. Көркем шығармашылықтың генезисі және түс көру концепциясы. Өнерді қабылдау мәселесі. Фрейдтің психоаналитикалық сынының формалары. К. Юнга теориясы. Е.М. Мелетинский еңбектеріндегі қазіргі психопоэтика. Ж. Лаканның құрылымдық- психоаналитикалық әдебиеттану. Герменевтика және рецептивтік эстетика.

### **Тақырып 13. Бұқаралық әдебиет.**

Бұқаралық мәдениеті мен әдеби иерархия мәселесі. Әдебиет және мәдениет туралы әлитарлық және антиэлитарлық концепциялар. Әдеби классика. Беллетристика. Көпшілік әдебиеттің көркемдік ерекшеліктері. Көпшілік әдебиеттің жанрлары.

### **Тақырып 14. Қазіргі әдеби сынның дамуы тенденциялары.**

Әдеби сын және әдебиет теориясы. Қазіргі әдеби сынның міндеттері. Сыншы және автор. Сыншы және оқырман. Әдеби сын және көркем шығарманың тағдыры. Әдеби сын жанрлары. Ғылыми мақала және әдеби-сын мақала.

### **Тақырып 15. Қазіргі мәдениеттің түрлі саласындағы фольклордың мән-жайы.**

Мәдениеттегі дәстүр және халық шығармашылығының салалары. Фольклорлық және әдеби поэтика шеңберіндегі мифтің қызметі. Әдебиет, фольклор және халықтың көркем мәдениеті. Әдебиет пен фольклордың халықтардың мәдени – тарихи даму жолдары мен этникалық ерекшеліктерін анықтайтын ұлттық және діни сипаты.

**«Әдебиеттану мен фольклористиканың әдіснамалық мәселелері» пәні**

### **Тақырып 1. Қазіргі әдебиеттандының әдіснамалық мәселелері.**

Әдебиеттану ғылыми әдістерінің тарихи дамуы – өмірбаяндық, мифологиялық, компаративизм. Гримм ағайындарының мифологиялық теориясы, Бенфейдің кірме теориясы, Г. Пауль мен В. Переттің филологиялық әдісі (мәтінтану), А. Потебняның психологиялық әдісі, З.Фрейд концепциясы, И. Тэнның мәдени-тарихи әдісі. XX ғасырдың басындағы формалистік және структуралистік теориялары. Әлеуметтік-тарихи әдіс. Қазіргі әдебиеттану және әдебиетті зерттеу жаңа технологиялары мен әдістері (интертекстуалдық, деконструкция, постструктуралызм, пәнаралық зерттеулер, семиотикалық талдау).

### **Тақырып 2. Көркем әдебиеттің ерекшелігі.**

Көркем әдебиеттің ерекшелігі. Әдебиеттің негізгі ерекшеліктері: бейнелеу. маңыздылығы, концептуалдығы, жүйелілігі. Мимезис туралы түсінік. Эстетикалық қызметтің категориялары (Ю.Боревтің теориясы). Көркем әдебиет және көркемдік әлем. Поэтикалық тіл және әдеби тіл.

### **Тақырып 3. Дәстүр және жаңашылдық.**

Мәдениет және әдебиеттегі сабактастық мәселесі. Көркемдік шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық. Реализм әдебиеті және модернизм әдебиеті. Модернист- жазушыларының көркемдік ізденістері. Қазіргі Қазақстан әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық.

### **Тақырып 4. Әдебиет және фольклор: ғылыми амал-тәсілдердің ерекшелігі мен жалпылық сипаты.**

Әдебиет пен фольклор туралы қазіргі ғылым. Фольклордың ауызша- поэтикалық өнер ретіндегі болмысы. Фольклор мен әдебиеттандының сөз өнерінің түрлері ретіндегі жүйелі байланыстарының заңдылықтары мен өзіндік бітімі, түп төркіні. Әдебиеттану мен фольклор, дін, этнография, этнология, философия, тарих.

### **Тақырып 5. Әдебиет және мәдениет.**

Әлеуметтік кеңістіктегі әдебиет және мәдени коммуникация заңдары. Халықаралық әдеби-мәдени байланыстар ұлттық әдебиеттің қорын молайтатын маңызды дерек көздері.

Әдебиет пен мәдениеттегі типологиялық ұқастықтар мен конвергенциялар. Әдеби мәтін мәдени бет-перде. Әлемнің көркемдік келбеті мәдениеттердің дүниетанымдық концепцияларының әдеби айнасы.

#### **Тақырып 6. Әдебиеттің әдістемелік мәселелері.**

Әдебиеттану мен фольклористиканың қолданбалы қырлары, әдістемелік табыстары мен жаңа технологиялары. Мәтінді жазып, аудардудың түрлі жолдары. Мәтінді қысқарту мен мазмұндау. Әдеби стилистика.

#### **Тақырып 7. Көркем ойлаудың ерекшеліктері.**

Авторлық сана және оның көркем шығармадағы көрінісі. Автордың психологиясы көркем шығарманың маңызды компоненті ретінде. Бейнелер мен ұсыныстар. Шығармашылыққиял. Көркемдік сананың диалектикалық табигаты.

#### **Тақырып 8. Ғылыми және шығармашылық әдебиеттану.**

Әдебиеттанудың негізгі міндеттері. «Шығармашылық әдебиеттану» ұғымының мазмұны. Ғылыми әдебиеттанудың айрықша белгілері. Ғылыми және шығармашылық әдебиеттанудағы көркем мәтінді зерттеу тәсілдерінің ерекшеліктері. Шығармашылық әдебиеттанудың мәні.

#### **Тақырып 9. Әдебиетті зерттеудегі жүйелік тәсіл.**

Әдебиетті зерттеудегі жүйелі тәсілдің қалыптасу тарихы. Көркем әдебиеттің жүйе ретіндегі түсінігі. Ю.Н. Тынянов, И.Г. Неупокоева, Д.С. Лихачев еңбектерінің мәні. Жүйелік тәсілдің әдіснамалық ерекшелігі. Әдебиетті зерттеудегі жүйелік-синергетикалық тәсіл.

#### **Тақырып 10. Биографиялық әдіс.**

Биографиялық әдістің міндеттері. Жазушының өміrbаяны мен жеке тұлғасы. Жазушының шығармашылығындағы өміrbаянының көріну ерекшеліктері. Өміrbаяндық және көркемдік (тұжырымдамалық) автор. Биографиялық әдістің мәні және оның қазіргі әдебиеттанудағы орны.

#### **Тақырып 11. Салыстырмалы-тариhi әдіс.**

Салыстырмалы-тариhi әдістің міндеттері. Мәдени-тариhi және салыстырмалы-тариhi әдістер. А.Н. Веселовскийдің «Тариhi поэтикасы». Әдебиеттанудағы «заңдылық» ұғымының мазмұны. Салыстырмалы-тариhi әдістің принциптері. В.М. Жирмунский шығармаларының маңыздылығы. Көркем шығарманың салыстырмалы жәнесалғастырмалы талдауы.

#### **Тақырып 12. Социологиялық әдіс.**

Әдебиет әлеуметтік құбылыс ретінде. Әдебиеттің әлеуметтік мәні. Әдебиет және өмір. Социологиялық әдістің принциптері. Социологиялық әдістің психологиялық тәсілмен және рецептивті эстетикамен байланысы. Социологиялық әдіс және гендерлік тәсіл.

#### **Тақырып 13. Әдебиеттің тарихилығы.**

«Тарихилық» ұғымының мазмұны. Әдебиет пен фольклор шығармаларын зерттеудегі тарихи тәсіл. Тарихи және көркемдік шындық. Тарихи дәуірдің әдебиет пен фольклор шығармаларындағы көрінісі. Әдебиет пен фольклор шығармаларындағы тарихи бейнелер.

#### **Тақырып 14. Психоаналитикалық тәсіл.**

Психоаналитикалық тәсілдің міндеттері. Әдебиеттанудағы психологиялық және психоаналитикалық тәсілдер. Көркем шығармашылықтың психологиялық аспектілері. Әдебиеттің оқырман санасына әсері. Библиотерапия, оның пәні және міндеттері. Психоаналитикалық әдебиеттану мен библиотерапияның даму болашағы.

#### **Тақырып 15. Әдебиеттанудағы пәнаралық зерттеулер.**

Қазіргі әдебиеттанудың даму тенденциялары. Жаһандану және ғылымдардың интеграциясы. Қазіргі ғылымдар жүйесіндегі әдебиеттану ғылымының орны. Пәнаралық зерттеулердің маңызы. Көркем әдебиетті зерттеудегі пәнаралық тәсілдің ерекшеліктері.

## **«Көркем мәтін теориясы» пәні**

**Тақырып 1. Көркем мәтінді оқып үйренудің негізгі бағыттары мен әдістері.** Құрылымдық-функциональдық әдіс және оның негізгі ұғымдары. Телеологиялық әдіс Көркем мәтінді оқып үйренудегі әдебиеттану әдістері және тарихи-әлеуметтік бағыт. Мәдени-психологиялық бағыт. Әдеби герменевтика рецептивтік теориясы. Әдебиеттандығы формализм. Мәтінді оқып үйренудің семиотикалық әдісі және структурализм. Деконструктивизм және оның көркем мәтінді зерттеуінің негізгі тәсілдері. Когнитивтік бағыт және оның мәтін тандығы ролі. Лингвистикалық әдіс.

### **Тақырып 2. Көркемдік әлем және оның негізгі компоненттері.**

Көркем мәтіннің фабулалық қеңістігі. Іс-әрекеттік күрделі мәтіндік таңбаларды жасау мен тудыру құралы. Әдебиетте іс-әрекетті көрсетудің метонимиялық принципі. Түзу сзықты және циклдық іс-әрекет және олардың шығарма оқиғасына көшүі. Аффектілі сюжеттік бірліктер (У. Ленерт) теориясы және оның көркем туындылардағы іс-әрекеттерді айқындаудағы ролі. Әдебиеттегі уақыт пен қеңістік. Көркем және шынайы хронотоп. Көркем шығармадағы сюжет пен фабула.

### **Тақырып 3. Көркем мәтіннің мазмұны мен пішіні.**

Әлеуметтік және мәдени феномендердің тілге ұқсастығы туралы болжамдардан туатын ой-болжамдар мен негізгі принциптер (Ю.М. Лотман, К. Леви-Стросс, Р. Барт). Әдебиеттің «екінші кодтық жүйе» (Ю.М. Лотман теориясы) екендігі. Көркем мәтінді «үшінші кодтық жүйе» ретінде ұғыну. Көркем мәтін лингвистикасы. Бейнелік мәтін.

### **Тақырып 4. Әдеби шығармашылық табиғаты.**

Әдебиеттің сөз өнері санатындағы дуалистік сипаты. Шығармашылық және шығармашылық тұлға туралы ежелгі түсініктер. Классицизм және романтизм дәуіріндегі көркем шығармашылықтың табиғаты жайлы ұғым. Позитивистер (О. Конта, И. Тэн және т.б.) еңбектерінің маңызы мен негізгі тұжырымдары. Әдеби ықпал ұғымы. Шығармашылық тұлға туралы Ю. Кристева мен Ч. Ломброзоның интертекстуальдылық теориясы. Әдебиеттандығы фрейдшілдік бағыт.

### **Тақырып 5. Көркем мәтіндегі автор бейнесі.**

Әдебиеттің оқып үйренудегі өміrbаяндық әдіс. Автор және баяндаушы, олардың бейнелерінің жақындығы. Көркем шығарма мазмұнында жазушының өміrbаяндық деректерінің көрініс табуы. Авторлық баяндау түрлері. Мәтіндерді «мәтін – автор» мәселесі қырынан жіктеу: баяндау мәтіні, репрезентивті бағытты мәтін. Баяндаушының жоспары және оның қазіргі әдебиет туындыларында көрініс табуы.

### **Тақырып 6. Әдебиет қарым-қатынастар мен қөңіл-қүйлерді білдіруші.**

Әдебиет белгілі бір идеологияны таратушы. Сыншыл реализмдегі және романтикердің әдебиет жайлы ұғымы. Әдебиеттің экспрессивтік қызметі. Автордың рухани әлемін көркем бейнелеудің тәсілдері. Сезім ырғағы және оның көркем мәтін құрылымында көрініс табуы. Қарым-қатынас және қөңіл-қүй, олардың әдебиет туындыларында бейнелену тәсілдері. Әдеби стилистика. Көркем мәтіндегі юмор мен ирония, олардың функциональдық мәні. Әдебиет туындыларындағы комизм.

**Тақырып 7. Баяндаушы жоспары мен персонаждар жоспары көркемдік әлемді таныту формасы.** Баяндаушы жоспары, оның ерекшеліктері. Нарратив баяндаушы жоспарының басты элементі. Әдеби-сыншыл дискурстағы баяндау үрдісі. Әңгімелі мен лирикалық кейіпкер, олардың айырмашылығы. Атаулы және атаусыз баяндау, олардың шығармада көрініс табуформалары. Кейіпкерлер жоспары. «Бөгде сөз». Көркем шығарма құрылымында бөгде сөздің үйису тәсілдері. Төл сөз. Авторлық баяндау мен бөгде сөздің өзара ықпалы көркем мәтіннің экспрессивті және репрезентивті функцияларының өзара ықпалы екендігі. Төлеу сөз. Өзгелік төл сөз. Олардың стилистикалық айырмашылықтары. Көркем мәтіннің полифониялық құрылымы. Сана тасқыны, сана тасқынындағы баяндаушы жоспары мен кейіпкерлер жоспарының бейнелену ерекшеліктері.

### **Тақырып 8. Көркем мәтін адресаты.** Көркем мәтіннің мәнін ұғынудың

алғышарттары. Әдеби компетенция ұғымы. Шынайы және мінсіз оқырман. Оқырманның әдеби компетенциясының компоненттері. Қабылдаушының субъектіні бетке алуы.

**Тақырып 9. Көркем мәтін интерпритациясының принциптері.** «Мәтін» мен «оқырман» арасындағы қарым-қатынастың сипаты. Көркем мәтінді оқырман қабылдауының табигаты. Н. Фрайша көркем шығарманы “түсінудің” типтері. Көркем мәтіннің интерпретациясы және оның контекстуализациясы. Көркем мәтін таксономиялық құрылым сипатында. Әдеби туындының элементінің моделі сипатында қабылдау. Көркем мәтін интерпретациясының негізгі әдістері: этикалық, рецептивті. Көркем мәтін интерпретациясының негізгі процедуралары.

**Тақырып 10. Әдеби шығармадағы көркем пейзаж және психологиязм.** Пейзаж психологиялық талдаудың бір түрі сипатында. Пейзаж кейіпкердің ішкі әлемін ашудың түрі сипатында. Пейзаж сюжет дамуындағы психологиялық фон ретінде. Кейіпкер қабылдауындағы пейзаж. Пейзаж автор қатысуының түрі сипатында.

**Тақырып 11. Психологиялық портреттің түрлері.** Портрет – кейіпкердің психологиялық мінездемесін құрайтын бөліктердің бірі. Портреттік бейнелердің поэтикасы. А. Белецкий анықтаған жорамал портрет. Образ жасау үдерісіндегі портрет. Портреттегі субъективизм мен объективизм. Жеке және көпшілік портрет. Детальдың портреттегі ролі. Портреттік мінездеме берудегі фольклорлық дәстүрлер.

**Тақырып 12. Баяндаудың психологиялық функциясы.** Нарратив және баяндау. Автор баяндаушы және нарратив типологиясындағы әңгімелі мәселесі. Нарративтің композициялық-сөздік түрлері. Диалог пен монологтың психологиялық функциялары. Романның нарративтік жүйесі. Модернизм прозасындағы «санда ағыны» принципі және Анна Каренинаның ішкі монологі. Нарратив – наратология ғылымы зерттеуінің нысаны.

**Тақырып 13. Фольклордың бейнелеу жүйесі және психологиялық параллелизм.** А. Веселовскийдің фольклор теориясындағы психологиялық параллелизм. Фольклордағы психологиялық параллелизмнің интонациялық деңгейі. Психологиялық параллелизм, эпитет және троптар. Психологиялық параллелизм сюжет деңгейінде. Психологиялық пейзаждың параллелизм.

**Тақырып 14. Көркем мәтін талдаудың принциптері.** Көркем мәтін талдаудың негізгі әдістері мен тәсілдері. Текстологиялық талдау. Мәтін және шынайылық. Көркем мәтіннің табигаты. Автор мен кейіпкерлердің сәйлеуі. Көркемдік стиль және әдеби шығарманың тіл ерекшеліктері.

**Тақырып 15. Мәтін және әдеби шығарманың жанры.** Көркем мәтіндердің жіктелуі. Әдеби шығарманың тегі мен жанры. Эпикалық, драмалық және лирикалық шығармалардың ерекшеліктері. Жанр тарихи құбылыс ретінде. Жанрдың интертекстуалды табигаты.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

### **Негізгі:**

1. Афанасьев А.С. Гендерный аспект изучения литературы: учебное пособие. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2017. – 96 с.
2. Әдебиет теориясы. Антология: 4-томдық / Райан М., Ривкин Дж. – Астана: «Үлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.
3. Болдоно娃 И.С. Литературная герменевтика: учебное пособие. – Улан-Удэ: БГУ, 2013. – 88 с.
4. Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения: учебное пособие. 4-е изд. – М.: Флинта, Наука, 2016. – 248 с.
5. История литературоведения: учебник и практикум для вузов / Под ред. О.Ю. Осьмухиной. – 2 изд-е, перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2020. – 342 с.
6. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.). – Алматы: Арда, 2016. – 640 б.
7. Коровайко И.В. Инновационные технологии обучения в вузе: учебное пособие. –

Алматы: Отан, 2020. – 232 с.

8. Крупчанов Л.М. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2017. – 360 с.
9. Погребная Я.В. Актуальные проблемы современной мифопоэтики: учебное пособие. 2-е изд. – М.: Флинта, 2016. – 322 с.
10. Михайлов Н.Н. Теория художественного текста. – М.: Академия, 2006. – 224 с.
11. Райан М. Өдебиет теориясы. Kіrіспе. – Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.
12. Солтанаева Е.М. Өдеби компаративистика (қазақ-орыс әдеби байланыстарының негізінде): оку құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 177 б.
13. Спирионова Л. Текстология: теория и практика. – М.: ИМЛИ РАН, 2020. – 256 с.
14. Тілеуова А.З. Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар: дәрістер курсы. – Алматы: Отан, 2021. – 160 б.
15. Эко У. Отсутствующая структура. Введение в семиологию. – М.: Corpus, 2019. – 704 с.

#### **Қосымша:**

1. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы: оку құралы. – Алматы. ҚазМемҚызыПУ, 2012. – 273 б.
2. Борев Ю. Эстетика. В 2-х томах. – М.: Высшая школа, 2018. – 511 с.
3. Каган Ф.И., Белугина Г.К. Художественные стили, направления и течения второго тысячелетия: учебное пособие. – Иваново: ИГПУ, 2016. – 44 с.
4. Кременцов Л.П. Теория литературы. Чтение как творчество: учебное пособие. – М.: Флинта, 2017. – 169 с.
5. Литература народов Казахстана: монография / Отв. ред. С.А. Каскабасов, Алматы, НИЦ «Ғылым», 2004. – 352 с.
6. Майтанов Б.К. Психологизм в художественной литературе. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 204 б.
7. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – М.: Флинта, 2019. – 407 с.
8. Пьеге-Гро Н. Введение в теорию интетекстуальности. – М.: ЛКИ, 2008. – 240 с.
9. Современная текстология: теория и практика. – М.: Наследие, 2017. – 200 с.
10. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
11. Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 505 с.
12. Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской литературы, 2003. – 312 с.
13. Эстетическая многоплановость гуманитарного дискурса литературы Казахстана периода Независимости / Джолдасбекова Б.У., Жаксылыков А.Ж., Сарсекеева Н.К. и др. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 280 с.
14. Эткинд Е.Г. Психопоэтика. Внутренний человек и «внешняя речь». Статьи и исследования. – СПб.: Искусство-СПб, 2005. – 704 с.
15. Юнг К. Архетипы и коллективное бессознательное. – М.: АСТ, 2019. – 496 с.